«Бекітемін»

Мектеп директоры:

-------------- А.Алуашова

«29» ...08... 2024

« Келісемін»

Мектеп директорының

қосымша білім беру жөніндегі орынбасары:

----------------- Б.Реш

«30» ...09.2024

# №97 орта мектеп бойынша 2024- 2025 оқу жылындағы «Шахмат» үйірмесінің жылдық жұмыс жоспары

Үйірме жетекшісі:Бақыбай.Болат.Базарбайұлы

2024-2025 оқу жылы

**Қызылорда облысының**
**білім басқармасының**
«____» «__________» №_____
**санды бұйрығына қосымша**

**Білім беру ұйымдарындағы сабақтан тыс спорттық секцияларды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорттық секцияларды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі - ұсынымдар) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорттық секцияларды ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Сабақтан тыс спорттық секцияларды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңдарын, Қазақстан Республикасының Еңбек, Азаматтық кодекстерін, осы Ережені және білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алу қажет.

3. Сабақтан тыс спорт секцияларының мақсаты білім алушыларды спорттық бағыттағы дене жаттығуларымен тұрақты шұғылдануға, жарыс қызметін жүргізуге тарту, сондай-ақ дене шынықтыру мен спортты насихаттау болып табылады.

4. Сабақтан тыс спорттық секциялардың міндеттері:

1) білім алушылардың / тәрбиеленушілердің дене шынықтыру, рухани және азаматтық-патриоттық тәрбиесіне, дене шынықтыру мен спортты күнделікті өміріне енгізу;

2) денсаулық жағдайында ауытқулары бар және дене дайындығы әлсіз білім алушылардың/тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарды жүргізу;

3) спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс - шараларын өткізу;

4) спорт түрлерін үйлесімді және тең құқылы дамыту үшін жағдайлар жасау;

5) дене шынықтыруды, спортты және салауатты өмір салтын белсенді насихаттау, нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің дамуына қарсы, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен балалардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу болып табылады.

**2. Сабақтан тыс спорт секцияларын ұйымдастыру**

1. Негізгі жұмыс орны бойынша дене шынықтыру мұғаліміне/нұсқаушысына нақты жүктемеге қарамастан, бір спорт түрінен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында сабақтан тыс спорттық секциялар аптасына 2 сағат, орта білім беру ұйымдарында 3 сағат, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында аптасына 4 сағат өткізіледі. *(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы*
*№ 191 бұйрығымен бекітілген)*

2. Сабақтан тыс спорттық секцияларға басшылықты директордың оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектепке дейінгі ұйымдарда – әдіскер жүзеге асырады.

3. Сабақтан тыс спорттық секциялардың жұмысын дене тәрбиесі мұғалімдері/ нұсқаушылары ұйымдастырады.

4. Сабақтан тыс спорт секциялардың жетекшілері ағымдағы оқу жылына мектепке дейінгі ұйым директорының, басшысының бұйрығымен тағайындалады.

5. Сабақтан тыс спорттық секциялар дене тәрбиесі мұғалімдері/нұсқаушылары әзірлеген және білім беру ұйымының басшысы бекіткен бағдарламаға сәйкес жүргізіледі.

6. Сабақтан тыс спорт секцияларының бағдарламалары оқу жұмыс құжаттамасына қойылатын талаптарға (түсіндірме жазба, мазмұны, тақырыптық жоспар) сәйкес рәсімделуге тиіс.

7. Директор білім беру ұйымының нақты мүмкіндіктерінің болуын ескере отырып, әр оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен сабақтан тыс спорт сабақтарының кестесін бекітеді, содан кейін жазба жарияланады.

8. Сабақтан тыс спорттық секциялардың мақсатты кабинеттерде, спорт залында, спорт алаңдарында өткізіледі. Сабақтан тыс спорт секцияларының кестесін директор бекітеді.

9. Сабақтан тыс спорттық секцияларға арналған топтың сандық құрамы – 12 адамнан кем емес және 25 адамнан артық емес.

10. Сабақтан тыс спорттық секция жұмысының нәтижесінде балалар оқу жылы ішінде жарыстарға, сыныптан тыс іс-шараларға қатысады.

11. Сабақтан тыс спорттық секцияларға қатысу еркі оқушының өзінде және білім алушылар жеке мүдделеріне сәйкес дербес таңдайды. Білім алушы апталық жүктемесі 10 сағаттан аспайтын түрлі бағыттағы бірнеше топта оқуға құқылы.

12. Сабақтан тыс спорттық секциялар директордың бұйрығы шыққаннан кейін 1 қыркүйектен кешіктірілмей басталады және оқу жылының соңында аяқталады.

13. Сабақтан тыс спорттық секциялардың ұзақтығы мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне байланысты 10 минуттан 30 минутқа дейін, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 40 минуттан кем емес.

14. Сабақтан тыс спорттық секциялар білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қозғалыс белсенділігіне қажеттілігін қанағаттандыруы және жаттығу қызметі мен спорттық дайындыққа бағдарлануы тиіс.

15. Сабақтан тыс спорттық секциялар дене тәрбиесінің келесі міндеттерін шешуі керек: білім беру, сауықтыру, тәрбиелік, спорттық шеберлікті жетілдіру.

Білім беру міндеттері: қозғалыс қорын кеңейту, спорттың күрделі қимыл әрекеттерін игеру және дене шынықтыру және спорт саласындағы қажетті теориялық ақпаратты игеру.

Сауықтыру міндеттері: Білім алушылардың денсаулығын нығайту, олардың дене дайындығы мен функционалдық мүмкіндіктерінің деңгейін арттыру.

Тәрбиелік міндеттер: моральдық-адамгершілік және жеке қасиеттерді қалыптастыру.

Спорттық шеберлікті жетілдіру: қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысу.

16. Сабақтан тыс спорттық сабақтар бірнеше бағыттар бойынша (спорт түрлері бойынша): білім алушылардың/тәрбиеленушілердің сұранысы мен ұсыныстарына, қажетті спорттық база мен жабдықтардың болуына байланысты ұйымдастырылуы мүмкін. Білім беру ұйымдарының басшылары сабақтан тыс ұйымдастырылатын спорттық үйірмелер кезінде спорттық мүкәмалдармен қамтамасыз етуді, балаларға қауіпсіз орта қалыптастыруды ұйымдастыруы тиіс.

Сабақтан тыс спорттық секциялар дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар жалпы дене шынықтыру бойынша жаңа түрлерін қамтуы мүмкін.

17. Сабақтан тыс спорттық секциялар ұйымдастырудың құралдары мен әдістерін таңдауды тікелей дене тәрбиесі мұғалімі, сабақ өткізетін нұсқаушы жүзеге асырады.

18. Сабақтан тыс спорттық секцияларды ұйымдастыру үшін мұғалім оқу процесін жоспарлау құжаттарын әзірлеп, бақылаудың барлық түрлерін жүзеге асыруы керек: кезең-кезеңмен, ағымдағы және жедел.

19. Сабақтан тыс спорттық үйірме жұмыстары қашықтықтан оқыту форматы кезінде *(ҚР.БҒМ.2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына сәйкес)* жүзеге асырылады.

### 3. Сабақтан тыс спорттық секцияларды ұйымдастыру үшін қойылатын негізгі талаптар

1. Сабақтан тыс спорт секцияларға қатысу үшін медициналық ұйымның тиісті анықтамасы болуы керек.

2. Мектеп жасына дейінгі балалар арасында сабақтан тыс спорт секцияларды ұйымдастыру үшін оқу жылының басында топ жинақталып, әдетте, жас ерекшеліктеріне сәйкес топтар бойынша жүзеге асырылады.

3. Орта білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорт секцияларын ұйымдастыру үшін топтарды жасақтау оқу жылының басында жүзеге асырылады және мынадай жас топтары бойынша топтастырылады: бастауыш сынып оқушылары, орта жастағы оқушылар және жоғары сынып оқушылары.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорт секцияларын ұйымдастыру үшін топтарды жасақтау оқу жылының басында жүзеге асырылады.

5. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ашық ойындар болуы керек.

6. Бастауыш сынып оқушылары үшін жалпы дайындық сабақтарын ұйымдастыру ұсынылады. Орта жастағы оқушылар оқушылар үшін-спорт түрлері немесе дене шынықтыру-спорттық бағыттылығы бойынша, ал жоғары сынып оқушылары үшін бұдан басқа дене шынықтыру-спорттық қызметтің, оның ішінде сауықтыру қызметінің жаңа түрлері бойынша ұйымдастырылады.

7. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін спорттың барлық түрлері бойынша, әсіресе ұлттық спорт түрлерін қоса алғанда, осы оқу орындарында танымал және қолайлы дене шынықтыру-спорт және дене шынықтыру-сауықтыру бағытындағы секцияларды ұйымдастыру ұсынылады.

### 4. Сабақтан тыс спорттық секция жетекшілері құқықтары мен міндеттері

1. Сабақтан тыс спорттық секция жетекшілері:

- топ қатысушыларын өз бетінше қабылдауды жүзеге асыру;
- спорт түріне байланысты оқу бағдарламалық құжаттарын әзірлеу;;
-сабақтан тыс спорттық секция кестесін құру бойынша ұсыныстар енгізу;
- оқу орнының әкімшілігіне сабақтан тыс спорттық секцияларды ұйымдастыруды жетілдіру, сабақтан тыс спорттық секцияларға қатысушыларды ерекше жетістіктері үшін көтермелеу мәселелері бойынша ұсыныстармен жүгінуге құқығы бар.

2. Сабақтан тыс спорт секция жетекшілері:

- сабақтан тыс спорттық секциялар өткізу кезінде білім беру процесін қауіпсіз ұйымдастыру, білім алушылардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілік алу;
- зардап шеккен жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша шаралар қолдану (егер ондай болса), жазатайым оқиға туралы басшылықты жедел хабардар ету.
- білім алушылармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп ережелерін сақтау;
- сабақтан тыс спорттық секциялар өткізу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету.

### 5.Сабақтан тыс спорттық секция жұмысының құжаттамасы және есептілігі

1. Сабақтан тыс спорттық бағдарламалар әзірлеу керек.
2. Сабақтан тыс спорт секциялардың тақырыптары көрсетілген оқу жылына арналған жұмыс жоспары болуы шарт.
3. Білім алушылардың сабақтан тыс спорттық секцияларға қатысуын есепке алу журналы, қол жеткізілген нәтижелерді тіркеп отыру қажет.
5. Қауіпсіздік техникасы журналы болу керек.
6. Оқу жылындағы жұмыс туралы қорытынды есеп жасау қажет.

**№97 орта мектеп бойынша 2024- 2025 оқу жылындағы «Шахмат» үйірмесінің жылдық жұмыс жоспары**
**(аптасына 3 сағат)**

1, 3, 4 кл

| № р/с | Бөлімдер мен тақырыптардың атаулары | Сағаттар саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Теориясы | Тәжірибесі | Сағаттарбарлығы |
| 1. | Шахмат тақтасы | 4 сағат | Әр дәрісте 15 минут | 4 |
| 2. | Шахмат фигуралары. Фигуралардың бастапқы позициясы | 2 сағат | | 2 |
| 3. | Жүрістер мен фигураларды алу | 17 сағат | | 17 |
| 4. | Шахмат партиясының мақсаты | 7 сағат | | 7 |
| 5. | Бастапқы позициядағы барлық фигуралармен ойнау | 2 сағат | | 2 |
| 6. | Талдап қорыту. Қорытынды дәрістер | 2 сағат | | 2 |
| 7. | Өткенді қайталау | 2 сағат | Әр сабақта 15 минуттан | 2 |
| 8. | Жалғыз корольге мат қою | 5 сағат | | 5 |
| 9. | Фигуралардың өзара әрекеттесуі | 4 сағат | | 4 |
| 10. | Материалды ұтып алу | 9 сағат | | 9 |
| 11. | Қарапайым пешка эндшпильдері | 3 сағат | | 3 |
| 12. | Дебют ойнаудың негізгі ережелері | 3 сағат | | 3 |
| 13. | Ойын дәрістері (турнирлер) | 4 сағат | Әр дәрісте15 минут | 4 |
| 14. | Қорытындылау. Қорытынды сабақтар | 4 сағат | Әр дәрісте15 минут | 4 |
| 15. | Өткенді қайталау | 2 сағат | Әр дәрісте15 минут | 2 |
| 16. | Шахмат партиясының кезеңдері және оларды ойнау қағидалары | 3 сағат | | 3 |
| 17. | Дебют негіздері | 4 сағат | | 4 |
| 18. | Корольге шабуыл жасау | 4 сағат | | 4 |
| 19. | Шахмат партиясындағы басымдық түрлері | 2 сағат | | 2 |
| 20. | Шахматтық комбинация (курстың негізгі тақырыбы) | 8 сағат | | 8 |
| 21. | Ойын дәрістері | 6 сағат | Әр дәрісте15 минут | 6 |
| 22. | Қорытындылау. Қорытынды дәрістер | 5 с. | Әр дәрісте15 минут | 5 |
| **БАРЛЫҒЫ: 99 сағат** | | | | |

**Үйірме жетекшісі:** [signature] **Б.Бақыбай**

**№97 орта мектеп бойынша 2024- 2025 оқу жылындағы «Шахмат» үйірмесіне қатысатын оқушылардың тізімі**

| № | Оқушылардың аты-жөні | Сыныбы | Үйірмеге қатысатын оқушының әлеуметтік жағдайы | Мекен-жайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Алдажар Нұрислам | 9 сынып | Көп балалы | Аранды ауылы №97мектеп |
| 2 | Әбдірейімұлы Сахит | 9 сынып | Көп балалы | Аранды ауылы №97мектеп |
| 3 | Жанғазы Арсен | 9 сынып | Көп балалы | Аранды ауылы №97мектеп |
| 4 | Қарасай Арнұр | 9 сынып | Көп балалы | Аранды ауылы №97мектеп |
| 5 | Сегізбай Нұрдәулет | 9 сынып | Көп балалы | Аранды ауылы №97мектеп |
| 6 | Жақсылық Нұрсезім | 7 сынып | Көп балалы | Аранды ауылы №97мектеп |
| 7 | Жайылхан Маржан | 7сынып | Көп балалы | Аранды ауылы №97мектеп |
| 8 | Жанғазы Серік | 10 сынып | Көп балалы | Аранды ауылы №97мектеп |
| 9 | Ерғалиұлы Әли | 10 сынып | Жақсы | Аранды ауылы №97мектеп |
| 10 | Базарбай Гүлсезім | 10сынып | Жақсы | Аранды ауылы №97мектеп |

**Үйірме жетекшісі:** Бал/**Б.Бақыбай**